

АСТАНА

ық қоғамдық-саяси газет
13 қазаннан бастап шығады

ХАБАРЫ

№75 (2239) Сейсенбі 24 маусым 2008 жыл
E-mail: astanahabary@astanatelecom.kz

ДІНИ БІРДІҢ ДІЛІ ДЕ БІР



САЙПАУБЕК БАЙБОЛОВ

Әр заманның өзіндік қиыншылықтары, күрделі проблемалары болады. Бізге жеткен тарихи деректерге сүйенсек, аталарымыз өсу, өркендеу шақтарында да, қиын-қыстау кезендерде де түйінді мәселелерді ақылдасып отырып шешкен. Сондықтан халқымыз «Бірлік түбі — тірлік» деп текке айтпаған.

Осы күнгі негізгі міндеттің бірі — замандастарымыздың рухани дамуы. Тіл, діл, дін мәселері жан-жақты көтеріліп, алға қойылып отырған мақсат та аз емес сияқты. Дегенмен, басқа көрші мемлекеттермен салыстырғанда, бізде дінімізге лайықты көңіл бөлініп отыр ма деген сұрақ туындайды. Ақпарат құралдарында мұсылмандықты уағыздайтын ғалымдарымыздың, діни қайраткерлеріміздің, діни жолды берік ұстаған азаматтарымыздың сирек көрінетінін жасыра алмаймыз. Шынын айтсақ, қазір бұл үшін барлық мүмкіншілік бар.

Ал кешегі дінсіз ел орнатамыз деген заманның өзінде имам, қалпе, молдалар халық арасында өз уағыздарын жүргізді ғой, ал жұртшылық діни ғұрыптарды ұстанды. Үлкендер жасырын болса да намазын оқыды, оразасын ұстады, Айтты тойға айнал-

дырып, құрбандық шалды, діни рәсіммен қайтыс болғандар жерленді, құдайы ас берілді. Тек жас ұрпағымыздың осының бәріне қатынасқанмен, нағыз берік діни ұстанымы болмағанын білеміз.

Қазір олар алды қариялыққа, көбі орта жасқа жетіп, немере, шөбере көріп отыр.

Шынын айтсақ, сол аға-інілеріміздің бір бөлігі намаз оқып, қажыға барып, ислам қағидаларынан білімін толықтырып, қоғамымыздың ұлы көшіне ілігіп, әжеп-теуір белсенділік көрсетіп жүр. Олар бойларын жаман әдеттерден аулақ салып, әділдікке, адамгершілікке, шыншылдыққа ұмтылуда. Өсек, өтірік, ішімдік, темекі шегу тағы басқа зиянды қылықтарға баратындарға дұрыс жөн сілтеуде.

Осылай үлкендеріміз үлгі болуға жараса жастарымыз сондарынан еретіні сөзсіз. Қазақтың: «Өкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дегені осындайда айтылса керек. Қазір жастарымыздың біразы мұсылмандықтың ақ жолын берік ұстауда. Олар намаз оқып, ораза ұстап, Меккеге барып, қажылық рәсімін орындап келіп жатыр. Кеше ғана көптеп салынып, бос тұрған мешіттеріміз жастармен толуда. Бұл қуанарлық жағдай. Өйткені, ислам діні тек пәктікке, имандылыққа, адамгершілікке, өдептілікке тәрбиелейді.

Өміріміздегі, оң өзгерістерді ескере отырып, әлі де болса халқымыздың арасында мұсылмандық діни уағыздарды кеңінен тарату керектігі білінеді. Діни қайраткерлеріміздің жүргізіп отырған жұмыстары жұртшылық арасында беделдері артып келеді. Солардың бірі — Садуақас Ғылмани мешітінің бас имамы қажы Бақтыбай Қыдырбайұлы Бейсенбаев. Оның тәржімалаған Тасийл АД-Дарурий шарифат мәселелері кітабынан көп керекті мағлұмат алуға болады. Әсіресе, шарифаттың бастапқы негіздері, намаз оқып үйренушілерге өте пайдалы. Бақтыбай қажы мешітте намаз оқып үйренем, Құранның шарифатынан кіріспе білім алам деушілерге арнайы сауаттану мектебін жүргізіп, өзі сабақ беруге қатысып жүр. Имамның халықтың алдында сөйлеген сөздерінен, уағыздарынан тәрбиелік мәні зор Құранның қағидаларын естуге болады.

Негізінен осы бағыттағы жұмыс одан өрі жандануы тиіс. Өйткені халқымыздың көпшілігінде берік мұсылмандық көзқарас қалыптасты, имандылық терең бой жайды деп айту қиын. Менінше, елімізді көркейтеміз, халқымызды жаңа заманға сай біріктіреміз, рухани жағынан берік боламыз десек, дінімізді қадірлейік.